

ҚЫТАЙДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазіргі Қытай қоғамында орын алып жатқан саяси және этномәдени үдерістер Қытай діни тарихын терең зерттеуге шақырады. Қытай дәстүрлі діндері конфуциандық, буддизм, даосизммен қатар қытай өркениетінің дамуына ислам діні де өз әсерін тигізді. Қытайда мұсылмандық қауым 1300 жылдан астам өмір сүруде және ол қазір әлемдегі ең ірі қауымдастықтың бірі болып табылады. Қытай мұсылмандарының саны 27 миллион адамнан асады. Қытайдың кейбір облыстарында (Синьцзянь-Ұйғыр автономды ауданы, нинся-Хуэй автономды ауданы) ислам басым діни дәстүр болып табылады. Мұсылмандар Қытай халқының әлеуметтік белсенді топтарының бірін құрайды.

610 жылы Мұхаммед пайғамбар өзін Алланың елшісімін деп ислам дінін тарата бастаған кезі Қытайда Суй патшалығының құлдыраған кезеңімен тұспа тұс келді. Суй патшалығының халықты еріксіз ауыр жұмысқа салуы және халықтың еңбек күшін аяқ асты етуі Суй патшалығының құлауының тікелей себебі болды.

Суй патшалығының соңғы патшасы Янди патша билікке келгеннен кейін халықты жылда адам төзімсіз ауыр еңбекке салды. 609 жылы 4 миллион еңбекке жарамды ер еңбекке жіберілді, сол кездегі жалпы 8,97 миллион отбасынан, яғни әр екі үйден бір ер адам еңбек етуге мәжбүр болды. Бұл кезде аштықтан, еңбектің ауырлығынан зорығып өлушілер саны жартысынан асқан. Янди патша 14 жыл билік еткен аралығында өзіне арнап көптеген саяжайлар салатын және жылда сыртқа саяхаттайтын, жанына 10 мыңнан астам атқосшылар ертіп жүретін болған, саяхат барысындағы барлық шығындарды жергілікті халық мойнына еріксіз алатын. Ұлы Қорғанды салу барысында еңбек күші жетпегендіктен әйелдерді де Ұлы Қорған салуға мәжбүрлеген. Шаруалар көтерілісі күннен күнге күшейе түсті, бұл әбден өршу алған көтерілістерді басуға Суй патшалығының күші жетпейді.

618 жылы Суй патшалығының орнына Таң патшалығы келеді. Сөйтіп, Таң империясының тарихы орта ғасырларда бүкіл Азия мен Қиыр Шығысқа даңқы мәлім болған Ли әулетінен басталады. Суй дәуіріндегі шаруалар көтерілісін орынды пайдалана білген Ли Юань (император Гао-цзу 618-626 жж.)

қолайлы экономикалық, саяси жағдайларды пайдалана отырып 618 жылы Таң империясының негізін салады, яғни, американдық ғалым Бертольд Лауфердің айтқанындай «Қытай әулеттерін әлемге танытқан Таң» осылайша өмірге келген [1, 24-30 бб.].

Таң әулеті Қытайда үш ғасырдан аса уақыт билік етті. Қытай бұл кезде ортағасырлық әлемнің ең жоғарғы деңгейдегі дамыған, аса қуатты державасына айналды. Бұл дәуірде Қытай императорлары өз билігін орасан зор территорияларға орнатты. Таң империясы жер көлемі жағынан VII-IX ғғ. Қытай тарихында бұрынғы кезеңдерде болмаған орасан аймақты қамтыды.

Билікке келген соң Таң императорлары орталықтанған билікті күшейту, мемлекеттің жекелеген территориялары мен императорлық әулет арасындағы қарым-қатынасты реттеу, билікті нығайту мақсатында бірқатар әкімшілік реформалар жасады. Таң әулетінің қолына бүкіл билікті шоғырландыруға император Ли Юань бар күшін салды, оның саясатын елдегі әртүрлі әлеуметтік топтар қолдады. Ол қарапайым халықтың мойнындағы ауыртпалықтарды жеңілдетіп, еңбек міндеткерлігінің мерзімін қысқартты, жерінен айрылып, құлдыққа сатылып кеткен шаруаларға бас бостандығын берді. Ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырылып, су тасқынының зардаптарын жою шараларын іске асырды. Саяси қарсыластарына өкімет тарапынан олардың өздері кешірім сұраған жағдайда рақымшылық жасалды. Мемлекет сауда мен саудагерлерге көп жеңілдік жасады.

Ал, бұл Мұхаммед пайғамбардың ислам дінінің негізін қалап әрі исламды ту етіп Арабия Түбегінің бірлігін қалаған кезі еді. Осыған тұспа-тұс келген Таң патшалығы Қытай феодалдық қоғамының гүлденіп шарықтаған кезі. Қытай жыл санауы бойынша жынгуаннан қаюан аралығы (Қытай жыл санауы әр патшалық билік еткен кезеңі бойынша патшаның атымен қалып отырған, 贞观-开元, 627-741 жж.) кезінде Таң патшалығы Суй патшалығының құлауын тәжірибе сабақ ретінде алып, ұзақ билік ету үшін көптеген реформалар жүргізді. Мысалы, салықты төмендету, ұлт ынтымақтығын арттыра түсу, ұлтаралық тең құқық, қанаушылыққа қарсы тұру т.б. Бұл реформалар Таң патшалығының сол кезде әлемдік империя болуына себепші болды.

Қытай тарихи деректерінде араб династияларын «Да Шы» (大食) деп атап кеткен, бұл кездегі кең байтақ даланы алып жатқан, жан-жақты кемелденіп дамыған араб династиясы Таң патшалығымен де арақатынасы жақсы болған.

Ертеден араб елдері мен Қытай арасында қарым-қатынас қалыптасқан. Таң патшалығы тұсында бұл арақатынас тіпті де қоюлана, өркендей түсті. Таң патшалығы кезінде негізгі екі байланыс жолы болды: біріншісі, «құрлықтық жібек» жолы; екіншісі, «теңіз жібек» жолы. «Құрлықтық жібек» жол араб мемлекеттерінен шығып, түркілердің жерін басып, қазіргі Шыңжаңды басып, Боғда, Гүйзы, Хышиды басып, Таң патшалығының астанасы Чанъянға жеткен. «Теңізді жібек» жолын, тағы «меруерт жолы» деп те атайды. Бұл Гуан Чжудан шығып, теңіз жағасымен оңтүстікке қарай бет алады, Атлант мұхитын, Үнді мұхитын басып Парсы бұғазына келіп Қос Өзен арқылы Бағдатқа баратын болған [2]. Бұл жол араб империясының дамуына қарай күннен күнге гүлдене түседі, кейін негізгі сауда-саттықтың жолы болып қалды.

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, 651 жылы Араб империясының үшінші халифы Осман Қытайға ресми түрде елшілерін Таң патшалығына жіберді. Елшілер халифаттың мемлекет құрған барысын, елдегі өзгеше салт-дәстүр туралы және ислам дінінің жағдайы туралы тоқталады. Бұл жылды, яғни 651 жылды Қытай ислам танушылар ислам дінінің Қытайға енген жыл деп санайды. Қытай жылнамаларында 798 жылға дейін 39 реттен астам елшілік жіберілгені тіркелген [3, 383 б.]. Бұл кезде елшілер Таң патшасына әр түрлі асыл зат, әтір, піл тісі, тағы басқаларды сый ретінде береді. Таң патшасы оларға әкелген заттарының құнынан да жоғары заттарды беретін болған, тіпті кейбірлеріне «жоңлаң жияң» (中郎将, еңбек сіңіруші) деген мәнсап берген. Бұл елшілер алған заттарын өз еліне барып сатып, көптеген ақшаға кенелген, кейбір елшілер тұрақты Қытайда мекендеп қалған, бұлар Қытайға ислам дінінің таралу бұлақ көздерінің бірі болмақ. Осы Таң патшалығының басында даосизм буддизмге қарағанда жоғары тұрды. Таң патшалардың көбісі даосизмге сенетін болған, буддизм саяси мәртебеде жоғары орын алмаған. Бірақ уақыт өте келе буддизм үстемдік орынға көтеріледі, себебі буддизмнің негізгі кітапшалары қытай тіліне аударыла бастайды және әлсіреген үстем тап халықты көз бояушылық ретінде буддизмді көтермелеп халықты алдайды. Бұндай пайдалануы билікті уақытша өз уысында ұстай алды, бірақ уақыт өте келе көптеп салынған будханаларды басшылар өз мүддесіне жарата білді. Мысалы будхана басшылары көптеген жерді иемденеді, құлшылық жасағалы келген адамдарды алдап өз мүдделері үшін еңбек

жасатады. Бұл Таң патшалығының саяси билігіне қатер болады. 841-846 ж.ж. аралығында Таң патшасы Таң Узон былығып бастаған буддизмді реттейді. Бұл кезде жалпы Таң патшалығы халықтың діни наным-сеніміне жоғары назар аудармады, бұл ислам дінінің Қытайға енуінде Қытай патшалығының қарсылығына қалмауының себебінің бірі деп айтсақ болады. Бұл кездегі Таң патшалығы әлемдегі ең маңызды әрі ең дамыған мемлекетке айналды.

Империялардың күннен күнге гүлденуіне байланысты VIII ғасырдағы Аббас династиясы мен Таң патшалығының арақатынасы тіпті де жақсара түседі. Бұл саудагерлер, елшілерге тіпті де қолайлы, ыңғайлы жағдай жасады. Алайда кішігірім келіспеушіліктер, қақтығыстар болған.

VIII ғ. ортасында осындай губернаторлықтың ішінен ерекше белсенділігімен Ань Лушань деген жартылай түркі текті билеуші көзге түсті. Ань Лушань шекараны қорғап тұрған ірі әскери күшті басқара отырып, қолына әкімшілік және қаржылық билікті де шоғырландыра білді. Көрші кидан тайпаларының таңдаулы әскерлеріне арқа сүйеген ол, 755 жылы 150-200 мыңдық әскермен Чанъаньға жақындап, астанадағы сарайдағы қызметкерлер мен қала әкімдерімен астыртын бүлік ұйымдастырып, таң әулетінің билігіне қарсы көтеріліс шығарады. Көтерілістің катерінен қорыққан император астанадан қашып кетеді. Чанъаньға енген Ань Лушань өзін император деп жариялайды.

Таң императоры астанадан қашып, Сычуаньнің орталығы Чэнду қаласына бас сауғалайды. Ань Лушаньнің көтерілісін өкімет әскерлері басып тастауға бар күшін салады, ол үшін Ферғана, Хотан билеушілерінен, Бағдат халифатынан, тибеттіктерден, батыс түркілерден және ұйғырлардан көмек алады. Бұл елдерден келген жалдамалы әскерлерге Таң билеушілері көтерілісті жеңіспен аяқтаған жағдайда «жер бетіндегі барлық жақсылықты жасауға» уәде берді. 200 мыңдық құрама әскер 757 жылы жорыққа шығып, Чанъаньдан көтерілісшілерді қуып шығады. Осы шайқаста Ань Лушань мерт болғанымен, көтеріліс Хэнань, Шанши, Хэбэй провинцияларында ұзақ уақыт бойы жүріп отырды. Тек 762 жылы ғана Таң әулеті бүлікшіл цзедушилердің көтерілісін басып жаншығанымен, олардың өздері ұйғыр қағандығына тәуелділікке түседі. Ұйғыр әскерлерінің көмегімен Чанъаньға қайтып оралған таң императоры ұйғырларға 10 мың жібек орамын сыйға тартып, жыл сайын оларға тағы да 20 мың жібек орамын сыйлыққа беріп отыруға уәде береді.

Осы кезде көмекке келген әскерлер Қытайда қоныстанып қалады. Таң патшалығы бұларға сый ретінде Таң империясының астанасы Чанъанда қоныстануға рұқсат береді және де оларға мешіттер салып береді, қытай қыздарымен үйленуге рұқсат береді. Олар ислам шариғаттарын, дәстүрлерін жақсы сақтаған, олардың ұрпақтары да ислам діндік қасиеттерді де жалғастыра білді. Бұл ислам дінінің Қытайға таралуының тағы бір себебі болмақ. Таң патшалығының астанасы Чанъаннан басқа Яңжу, Гуанжу қалаларында саудагерлер өте көп болған, порт қала Гуанжудың өзінде жылда он мыңнан астам сауда кемелері келіп кететін болған. Сауда кемелерінің көптеп келуі Қытайда сырттан келген мұсылмандар санын көбейте түседі.

Сонымен қатар, Таң патшалығы сол кездегі ең дамыған, өркендеген мемлекеттің бірі болуы себепті көптеген көрші елдер мен аймақтардан көптеген елшілер, саудагерлер, білім алушылар, өнерлілердің ағылып келуіне түрткі болды. Таң патшалығы кезінде Таң империясында ұзақ уақыт тұрған шетелдіктерді «фанкі» (蕃客) деп атаған, яғни қоныс аударушы қонақтар деген мағына береді. Олардың ұрпақтарын «тушын фанкі» (生蕃客) деп атаған, яғни қоныс аударушы қонақтардың ұрпақтары деген мағына. «Фанкілер» мен «тушын фанкілер» ислам дінін алдымен өз ішінде бекім ұстады, басқа діндерден үстем тұрамыз деп діни қақтығыстар туындатпады, қытайлардың негізгі Рутағлымына да қарсылық көрсетпеді, сондықтан да олар императорлардың жою, не болмаса рұқсат етпеу назарынан тыс қалды, осылайша ислам діні бейбіт тұрғыда Қытайға ақырындап таралды.

Таң патшалығы кезінде қытайлар астрономия, математика, медицина, баспа, сурет салу тағы да басқа көптеген салада өте жоғары жетістіктерге жеткен. Әсіресе шығармашылық жағынан Қытай тарихындағы «алтын ғасыры» деуге болады.

VIII ғ. ортасынан бастап, Ань-Лушаньның көтерілісінен кейін Таң әулетінің билігі әлсірей бастайды және дағдарыс терендей түседі. Таң империясының дағдарысының алдында, салыққа барлық қолында жері бар адамдар, соның ішінде ірі жер иелері де тартылған болатын. Осылайша, ірі бай топтардың жерге меншік ету құқы ресми түрде танылған еді. Үлестік жүйе біртіндеп жұтылып кетіп, жерге жеке меншік күшейе түседі, салық та қарапайым халыққа ауыр тиеді. Алайда әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда басталған дағдарыс күннен күнге өрши түседі, елдегі бытыраңқылық та белес орын алады.

Қытайдағы билік етуші әулеттердің дағдарысының тереңдей түсуін қоғамның төменгі әлеуметтік топтарының өкіметке қарсы наразылық бас көтерулерінің жиілей түсуінен, оны тіпті, сонау 762 жылғы Чжэцзян провинциясында Ань Лушань бастаған көтерілістерден бастап көруге болатын еді. Елдегі саяси бытыраңқылық етек алып, әртүрлі әлеуметтік күштердің императорлық билікке қарсы күресі күшейді. Жерден айырылған шаруалар жасақтарға бірігіп әкімдерге, ірі жер иелеріне, будда дінбасыларына шабуыл жасай бастайды.

Таң патшалығының құлауына Таң патшалығының соңында кедей мен байлардың арақашықтығы өте алшақ болуы мен жерді кең көлемді феодалдар иемденгені ең басты себебі. Жер мен байлықтың патшадан бастап жергілікті билік басындағыларға шоғырлануы халықтың қолында ештеңесі жоқ, бұнымен қоса халыққа ауыр салықты өтеу керек. Бұл жағдайдағы қарапайым халық салық өтеуден қашып қашқын болуға мәжбүр болды, күннен күнге қысқан салық қашқындар санын күннен күнге ұлғайтты, көбейе келе жер-жерде шаруалар көтерілісі белес алды, Хуаң Чау бастаған көтеріліс Таң патшалығын толығымен күйзелтті.

960 жылы 4 ақпанда кидандарға қарсы аттанған Қытай әскерлері өздерінің командирі Чжао Куаниньді Қытайдың императоры етіп жариялайды. Бұны Кайфын қаласының тұрғындары – чиновниктер, әскери топтар және мемлекет қайраткерлері қолдап, Сұң әулетінің (960-1279 жж.) негізін салған өкіметті бекітеді. Астанасы – Кайфын қаласы болады. Чжао Куанинь император болған соң кидандармен келісімге келуге және оларға жыл сайын 100 мың күміс кесегін, 200 мың жібек мата орамын беруге уәде береді. Сөйтіп солтүстіктегі бейбітшілікті қалпына келтіріп, Сұңдар елді біріктіру жолындағы соғысты бастайды [4, 128 б.].

X ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап XVIII ғасырдың 70-шы жылдары аралығы ханьдар билік еткен Сұң патшалығы тарихи сахнадан орын алады. Арабтар шығысқа қарай жаулаушылық барысында ислам діні де Шыңжаңдағы Қашқар аймағындағы Қараханиттер мемлекетіне енеді, әрі мемлекеттік дін болып жарияланады. 1017 жылы Оңтүстік Шыңжаңдағы Юкуоға ислам діні толығымен таралады, буддизмді ығыстырып шығады. Кейіннен Қашқардан Ақсу мен Күшәрға таралып, XVII ғасырда ислам діні Шыңжаңда толығымен үстемдік орын алады.

Сұң патшалығы кезде көптеген шетелдермен кең көлемде сауда-саттық жағынан өте

қарқынды дамыды. Сұң патшалығы сол кездегі әлемдегі маңызды теңіз жолымен сауда-саттық жасай білген мемлекет болды. Көптеген Гуанжу, Минжу, Ханжу, Чуанжу сияқты порттар болған, осы порттар арқылы Жапония, Вьетнам, Индия, Араб империясына, Солтүстік-шығыс Африкаға баратын болған. Сауда-саттықтан кірген кірістен тыс келіп кеткен кемелерден салық алып отыратын болған, бұл мемлекеттің негізгі қаржы кіріс көзінің бірі болған. Сұң патшалығы тоқыма, алтын, күміс, мыс, қышы ыдыстар сияқты заттарды экспорт еткен, ал әтір, дәрі-дәрмек, піл тісі, меруерт сияқты заттарды импорт етіп отырған. Кең көлемді байланыста болуы әр мәдениеттің бір-бірімен таныс болып әрі бір-біріне әсері де зор болды. Бұл тұста ислам дін де қалыс қалған емес. Мұсылмандар саны көптеп қоныстануына байланысты көбеюде, мемлекет тарапынан мұсылмандарға құрметтеушілік жасалды, себебі мемлекет үшін мұсылман саудагерлер көптеген кіріс әкелді, қаржы көздерінің бірі болды.

982 жылы буддизмді көтермеушілік мемлекет тарапынан қолдау жасалды, 170 жыл үзіліс тапқан буддизм тағлымдарын қытай тіліне аудару қайта қолға алынды. 1021 жылы 460 мың адам буддизмді қабылдады, 40 мыңнан астам будхана салынды [3, 341 б.]. Буддизмге қолдау жасауы ислам дінінің Қытайда таралуына үлкен әсер етпеді. Себебі мұсылмандар саяси билікке араласпады және Сұң патшалығы үшін мұсылмандар сауда-саттық жағынан мемлекетке үлесі зор болған.

Сұң патшалығы әлемдегі алпауыт мемлекет болып саналды. Қытай тарихындағы төрт үлкен тапқырлықтың үшеуі баспа өнері, компас, оқ дәрі жасау осы патшалықта тапқырланған. Сұң патшалығы Қытай тарихындағы материалды және мәдени байлықтың шарықтаған шыңына жеткен патшалық.

Сұң патшалығының соңына келгенде Қытай ішінде көптеген бөлшектенушілікке ұшырайды, жеке мүддесі мен территориялық жаулаушылық қан төгісті соғыс әкелді.

1206 жылы нойондардың құрылтайында Темучин бүкіл моңғолдардың билеуші ханы – Шыңғысхан (1155-1227 жж.) деп жарияланды. Ол өзінің мемлекетін Моңғол мемлекеті деп жариялап, бірден басқыншылық әрекеттерін бастайды. Шыңғысхан өзінің мемлекетті басқару әдістері мен заңдары туралы атақты Яссасын жасады. Онда басқыншылық соғыстар моңғолдардың өмір сүру тәсілі деп көрсетілді. Шыңғысханның әскерінің барлық күш-қуаты оның көшпелі өмір-

де әбден шыныққан атты әскерінде болатын. Шыңғысхан және оның балалары Қытайға көптеген соғыстар жүргізді.

Моңғол хандары Қытайды толық басып алғаннан кейін, өздері Қытайға қоныс аударып, астананы Қаракорымнан Пекинге көшіреді. Қытайдағы өздері құрған мемлекетті қытайша атаумен Юань деп атады. Моңғолдар Қытайда билік ету үшін сол елдің сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мемлекет институттарын сақтауға, биліктің қытайлық түрін қабылдауға мәжбүр болды.

Моңғол басқыншылығынан кейін, орта азиялық, европалық және басқа саудагерлерге Қиыр Шығысқа еркін жол ашылды.

Моңғол өкіметінің алдында Қытайдағы билікті ұстап тұру үшін орасан зор міндеттер күтіп тұрды. Моңғолдарға мәдениеті мүлдем жат, ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекетті құрудың бай тәжірибесі қалыптасқан, егіншілік мәдениеті өркендеген отырықшы елді билеу оңайға түспесі айқын еді. Хұбылай мемлекеттік биліктің қытайлық жүйесін қабылдай отырып, Қытайдың бұрынғы билік өкілдерін мемлекеттік қызметтен аластатады. Бірақ, Қытай сияқты мемлекетті ұстап тұруға, оның басқару аппаратында өздері билік етуге моңғолдар қабілетсіз еді. Сондықтан моңғол ханы Қытай мемлекетінің басқару аппаратына европалықтарды, түркі тектестерді, сириялықтарды және басқаларды шын ықыласымен шақырады. Ұлты өзбек Ахмед қаржы саласын басқарса, әскери саланы сириялық Насир ад-дин және Масаргия қолына алып, ал италияндық Марко Поло губернатор қызметін атқарды. 5 мыңға жуық христиандар Пекинге келіп қоныстанды. Қытай тілін жою үшін, Хұбылай қытайлық жазу үлгісіне өзгеріс енгізбекші болып, иероглифтің орнына төрт бұрышты жазуды кіргізуге тырысады. 1281 жылы Хұбылай хан достық кітаптарды өртеу туралы жарлыққа қол қояды. Ол даостық діни сенімді қудалап, буддизмді үстемдікке ие болатын діни уағызға айналдырмақшы болады.

XIII ғ. 30-жылдарында деректерге сүйенсек, солтүстіктегі халық саны осы ғасыр басындағымен салыстырғанда 10 есе кеміп кеткен. Моңғол шапқыншылығының аяғына қарай, оңтүстіктегі халықтың саны солтүстікпен салыстырғанда төрт жарым есе көп болған.

Елдің экономикасы құлдырауға ұшырады. Далалар қаңырап бос қалып, қалалардағы адамдар саны да күрт азайып кетті. Құл еңбегі қайтадан еніп, құл сату кеңінен өрістеген, құлдыққа негізделген шаруашылықтар пайда болады.

Осындай ауыр жағдайда Юань империясының билеушілеріне бағындырылған қытай этносына қатысты саясаттың бағыт-бағдарын жасау қажет болды.

Моңғолдардың саяси элитасы Қытайдағы мемлекеттік билік ұстап тұруды қытайлықтардың өздерінсіз басқара алмайтындығына көз жеткізе бастайды. Биліктен қуылған қытайлық билік өкілдері жиі-жиі моңғолдарға қарсы құпия бүліктер ұйымдастырып отырды. Мысалы, 1262 жылы Шаньдунде Ли дань деген, осыған дейін моңғолдарға қызмет еткен әскери қолбасшы-көтеріліс жасайды. 1282 жылы астанада болған көтеріліс кезінде Юань империясының қаржы саласын басқарған өзбек Ахмед өлтіріледі, осыдан кейін шетелдіктердің көбісі елден қаша бастайды. Алайда моңғолдар бай деген шетелдіктердің қаржылай көмегіне мұқтаж болды, бұл да болса мұсылмандардың Моңғол империясындағы рөлінің өзгермегенінің айғағы. Хұбылай өлген соң, моңғолдар өздеріне көмекке қытайлық әкімдерді қызметке ала бастайды, олардың жағдайын жасап, көптеген жеңілдіктер береді. Юань империясының елдегі қалыптасқан жағдайына байланысты екі жетекші ағым қатты ықпал етті: Біріншісі – моңғолдардың Қытай саясаткерлерінің өмірлік маңызды тәжірибесін үйренуге деген талпынысына. Олардың әуел бастан-ақ өздеріне жат қытайлықтардың өмір салты мен рухани құндылықтарын жете түсінбеуі, олардың өздеріне көп кедергі келтірген, бағынышты халыққа деген сенімсіздігі болды. Екіншісі – моңғолдардың бар күш-жігері өздерінің қытайлықтардың арасында сіңіп, жоқ болып кетпеуге деген әрекетіне арналып, осы мақсатта Юань әулетінің билеушілерінің саясаты моңғол этносының артықшылық жағдайын қамтамасыз етуді ерекше бағыт етіп алуы еді.

Юань әулеті билігінің заңдары бойынша, бағынышты халық этникалық белгілері және діни сенімдеріне қарай төрт топқа бөлінді.

Бірінші топқа елдегі бүкіл әкімшілік аппарат пен әскери басшылықты иеленген моңғолдар (蒙古人) кірді. Моңғолдық билеушілер бүкіл тұрғын халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, олардың тағдырын өздері шешіп отырды. Моңғолдарға жақын екінші топқа «сэму жэнь (色目人)» – «әр түрлі текті адамдар» дейтіндер, яғни шетелдіктер жатты. Моңғолдар өздерінің басқыншылығы кезінде әлемнің әртүрлі халықтарымен түрлі байланысқа түскен болатын, бірімен бейбіт жағдайда байланысса, екіншісімен күшпен қатынас орнатқан болатын. Олар барлық діни сенімдерге асқан шыдамдылық

танытып, барлық діндердің бұл елде таралуына кедергі жасамады, сырттан келетін барлық ықпалдарға ашық ел болды. Әрбір сырт елден келгендерге жағдай жасап, оларға арқа сүйеу арқылы моңғолдар қаптаған ханьдықтарды бір уыста ұстауға тырысты және «бөліп ал да билей бер» деген принципті қатты ұстанды. Дәл сол, Юань әулетінің билігі тұсында, Қытайда Орта Азия мен Ираннан және Европадан келгендерді мемлекеттік қызметке алу әрекеті орын алды. Бұның жарқын көрінісі, жоғарыда айтып өткендей, Пекин қаласында 5 мың христиандық европалықтардың қоныстануы еді. Орта Азиядан келген араб саудагерлері де бұрынғыға қарағанда тіпті де көбейе түсті. 1294 жылы Юань сарайында өмірінің соңына дейін болған христиандық папаның өкілі, монах Джованни Монте Корвино, 1318-1328 жылдары Қытайда тұрған итальяндық саяхатшы-миссионер Одарико ди Парденоне (1286-1331жж.) және аса танымал саяхатшы, венециандық саудагер Марко Поло (1254-1324 жж. шамасы) сияқты европалықтар Юань империясы тарихының куәгерлері болды [4, 197-200 бб.].

Үшінші санатқа солтүстік-қытайлықтар жатты және сондай-ақ бұл топқа ассимиляцияланған кидандар, чжурчжэндер мен корейліктер кірді, жалпы алып айтқанда оларды «хань жэнь (汉人)» деді.

Ең төменгі, төртінші санаттағы топқа Оңтүстік Қытайдың басы бостұрғындары кірді, оларды «нань жэнь (南人)» деді.

1219 жылдан бастап Шыңғысхан мен оның ұрпақтары кең көлемде билік етті. Осы билік кезде ислам діні кең көлемде тарала алды, себептеріне келсек. Біріншіден, Юань патшалығының саяси билігінің тұрақтылығы үшін. Юань билеушілері әр ұлтты моңғол, сэму, хань, нан деп төртке бөлді, бұл бөліс саяси билік құқық, білім алу тағы басқа жақтарынан көптеп шектеулерге ұшырады.

Таң, Сұң патшалығы кезінде ислам дінді «тасымалдаушы» фанкі мен тушын фанкілердің барлығы саудамен Қытайға келген шетелдіктер мен олардың ұрпақтары, бұлардың көбісі бай ауқатты болған, бірақ оларда саяси билікке араласатын құқықтары болмаған. Ал Юань патшалығы тұсында әр ұлт моңғолдардың досы, жақтаушы әскері деген сананы халыққа сіңірді, бұл заңды тұрғыдан ислам дініне сенетін әр ұлтқа еркіндік берді. Түбегейлі ислам діні мен мұсылмандардың саясат, экономика, мәдениеттерінің дамып өркендеуіне еркіндік берді. Мысалы олардың қоныстану еркіндігі болды, ал Таң, Сұң патшалығы тұсында олар тек шек-

телген «фанфанда» ғана болған, яғни шектелген белгілі бір кіші аумақта өмір сүрген. Олар саяси билікті жақтарынан хань ұлтынан дәрежелері жоғары болды. Моңғолдардың мемлекет құрып және басқару барысында үнемі мұсылмандардың көмегімен болды, сондықтан да саяси билік жағынан жоғары болды, бұл ислам дінінің таралуына ықпалы өте зор болды.

Діни мәселелерге мемлекет әр дін бірге өмір сүреді әрі халықтың діни наным-сенім еркіндігі бар деген саясатты ұстанды, көшпенді өмір сүріп жүрген билеушілерінің бұл діни саясаты мұсылман дінінің кең құшақ жайып дамуына тамаша орай болды.

Екіншіден, мемлекет экономикасының дамуы үшін қажет болды. Моңғолдар билік етпей тұрған кезде ақ саудагер мұсылмандар моңғолдар қоныстанған жерлерде сауда-саттық жасаған. Шыңғысхан мемлекет құрғаннан кейін мұсылман саудагерлер бай моңғолдардың өсімді ақшасын пайдаланып кең көлемді саудамен айналысқан, бұл мұсылман саудагерлер жоғары өсімдерін қайтарып отырған, бұл өсімдер мен сый ретінде берілген көптеген заттары Юань патшалығының негізгі қаржы кіріс көздерінің бірі болды. Сондықтан Юань патшалығының батысқа жорығы кезінде мұсылмандарға қорғау жасады әрі көптеген тиімді жағдайлар жасады. Ұстанған бұл саясат Юань патшалығы үшін тұрақты үзілмес қаржы табыс көзі болды.

Үшіншіден, көптеп қоныс аударуы және бір-бірімен сіңісуінің нәтижесі. Таң және Сұң патшалығы кезінде мұсылмандар шектелген «фанфанда» ғана діни наным-сеніміне байланысты бір жерде шоғырлана қоныстанатын болған. Юань патшалығы кезінде көптеп ұлттардың қоныстануы Қытайдағы мұсылмандар санының көбеюіне әрі әр ұлттың аралас жағдайына әкелді. Сондықтан саяси, экономикалық және қоғамдық мәртебелерінің ілгерілеуіне және адам санының көбеюіне байланысты әр түрлі ұлттың бір дінге сеніп ұлт ара ынтымақ бекінісі керемет бекім орын алды. Юань патшалығы кезінде ислам діні әр ұлт ара қасиетті байланыс күші бар дін ретінде қалыптасты әрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапты.

Хуэй ұлты Юань патшалығы кезде мемлекетке сіңірген еңбегі өте жоғары болған. «Хуэйь-хуэйь» Бей Сұң жазушысы Шын Куоның «Мың ши би тан» атты еңбегінде ең алғашқы рет кездескен, VII ғасырдағы «хуэй хылар (回鹘)» болатын [5]. Таң және Сұң патшалығы кезінде хуэйь-хуэйьлар бір ұлт ретінде қалыптаспаған, сондықтан да ислам дінімен қатысты жоқ. Нан

Сұң кезіндегі «хуэйь-хуэйь» деп Ши Үйдегі (қазіргі Қытайдың батысындағы бес обылыс алып жатқан аймақ) әр түрлі текті мұсылмандар болған, мемлекет пен аймақтың атын да осылай жалпылама атап кеткен болатын. Қытай жыл санауы бойынша «шиан зон» жылы, яғни 1252 жылы «хуэйь-хуэйь» сөзі Орта Жазықтағы (Қытайдың орталық аймағы) ислам дініне сенетін халықтардың арнайы аталуы болды. Қазіргі таңда Қытайда дұнған ұлттын қытайша хуэйь-хуэйь деп атайды. Таң және Соң патшалығы кезіндегі хуэйь-хуэйьлар деген ұғым басқаша, қазіргі доңғолдар ұлт ретінде қалыптасу барысы ұзақ уақытта қалыптасқан. Таң және Сұң патшалығы кезінде Қытайға келген араб, парсы мемлекеттерінен келген мұсылмандар сауда-саттықпен ұзақ уақыт Қытайдың саудасы дамыған қалаларда қоныстанып, жергілікті халықтармен үйленіп, «тушын фанкілер» (жергілікті фанкілер) саны күннен күнге көбейді. Бұлар қазіргі дұнған ұлтының ата-бабалары болып саналады.

Моңғол әскерінің батысқа жорығы Таян Шанның оңтүстігі мен солтүстігін біріктірді, ертеден келе жатқан тайпа ара қақтығыстар бейбітшілікке көшті, бұған себепші болған Моңғол патшасы мен Қытай патшаларының ислам дінін жақтауы, бұл да ислам дінінің кең көлемде таралуына әсері жоғары болды. Бұл кезде ұйғырлар сияқты ұлт өкілдері де ислам дінін қабылдай бастады, бұлар ислам дінін қабылдаған моңғолдармен бірге хуэйь-хуэйьлардың әскер қатарына кірді, бұл жағдай хуэйь-хуэйь әскерінің күшін арттыра түсті.

Юань патшалығы кездегі халықтың кең аймақтық қоныс аударуы хуэйь-хуэйьлардың ауылшаруашылықты да негіз ете өмір сүруі басталды, бұдан бұрын сауда-саттықты негіз еткен. Юань патшалығының әр түрлі тиімді саясаты, бұмен қоса хуэйь-хуэйьлардың өздерінің еңбекшілігі олардың күнделікті тұрмыс қажеттілігін өздері қамтамасыз ете алатын болды. Хуэйь-хуэйьлардың жағдайларының жақсы болуына Юань патшалығы кездегі ұлттық дәрежелік бөліс те үлкен ықпалын тигізді. Бұл тиімді жағдай олардың билік, білім алу, салық төлеу, тағы басқа жақтарынан салыстыра қарағанда үстем орында болды.

Көптеп мешіттің салынуы Юань патшалығының ислам дінін қаншалықты дәрежеде мойындап әрі қолдау көрсеткендігінің белгісі. Мешіт Алланың үйі болғандықтан бай және кедей ислам дінін қабылдаған көп ұлттар тізелерін түйістіріп, Аллаға құлшылық қылу барысында әр ұлттар арасындағы ынтымақ арта түседі.

Юань патшалығы кезінде хуэйь-хуэйьлардың «Да Фынсан (大分散)», «Шияу Жижон (小集中)» деген жағдай қалыптасты. «Да Фынсан» дегеніміз – кең көлемде таралу, қоныстану. «Шияу Жижон» дегеніміз әр жерде хуэйь-хуэйьлардың шоғырлана қоныстануы, көбісі мешітке жақын жерлерде шоғырлана қоныстанды, ал басқа ұлттарда бұндай шарт жағдай болмаған. Бұл Юань патшалығының ерекше көңіл аударғанына байланысты.

Юань патшалығы кезде хуэйь-хуэйьлар сауда-саттыққа өте шебер әрі саяси билікті жақсы басқару қабілеті мен тәжірибелері мол болған, осы себепті де хуэйь-хуэйьларды Юань мемлекеті ұлық көрді. Юань билеушілері хуэйь-хуэйьларға сенім артып үлкенді кішілі биліктерді берген, хуэйь-хуэйьлардың жоғары астанадан төмендегі ауылды жерлерге шейін хуэйь-хуэйь билеушілері болмаған жер жоқ.

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, Юань патшалығының орталықтағы жоғары саяси билікке қатысқан оң қол уәзір, сол қол уәзір, саяси ақылшы сияқты белсенді қызмет атқарушылар саны отыздан астам болған [6].

Моңғолдар арабтармен, Орта Азиядағы әр ұлттармен, қытайлармен салыстырмалы түрде экономикалық, мәдениеттік жақтарынан қарағанда төмендеу. Моңғолдар осы олқылықтарын арттыру үшін әрі оларды жақсы басқару үшін Юань патшалығы өзіне де өзгеге де тиімді саясатты ұстанды, дарынды деген мықтыларды қолдау жасап моңғол билігі үшін қызмет істетті. Әртүрлі ұлттық, әртүрлі діндік мәдениет, наным сенім, дәстүрлерге қызмет көрсете алды, бұл ұлттық бірігу, ынтымақтылыққа әкелді. Бұл кезде ислам дінінің мәртебесі көтерілді әрі нықтала түсті, кейінгі солтүстік-батысындағы көп ұлттың ислам дінін қабылдап әрі жалғасын табуына түрткі болды. Юань патшалығы кезінде ислам діні жоғары мәртебеге ие болды, бұны мешіттердің салынуынан көруге де болады. Юань патшалығы кезінде мұсылмандар жиналып Аллаға құлшылық ететін жердің тұрақты белгілі бір атауы болмаған, көбісі «либай сы (礼拜寺)», «хуэйь хуэйь сы (回回寺)», «хуэйь хуэйь таң (回回堂)», «жинжияу сы (真教寺)», «чинжин сы (清淨寺)» деп қазіргі таңдағы мешіт атауын осындай атаулармен берген. Юань патшалығынан Миң патшалығының басына шейін өте көптеген мешіттер салынған, мысалы Шан Хайдағы «Сонжиян мешіті (松江清真寺)», Күнминдегі «Нанчың мешіті (南城清真寺)», мешіт көлемі 5000 м², Шандондағы «Чинжу мешіті (青州真教寺)», көлемі 6000 м², Шиандағы «Хуажуе мешіті (化觉寺)», мешіті құрылысының

көлемі 4000 м², алып жатқан территория көлемі 120000 м², Жинандағы «Чинжин дасы (清真南大寺)» мешіті, бұл Жинан қаласындағы тарихы ең ұзақ мешіт, көлемі 6330 м², Бей Жиндегі «Ню-жие мешіті (牛街寺)», көлемі 3000 м², Бей Жиндегі «Донсы мешіті (东四清真寺)» т.б., бұлардың барлығы сол кездегі Қытайдағы ірі қалалардағы үлкен көлемді салынған мешіттер, кіші мешіттер саны жетерлік, бұдан Юань патшалығы кезде ислам дінінің таралған аясын көруге болады [1, 320 б.].

Қытайда 1279-1368 жылдары Юань династиясы деген атпен билік құрған Шыңғысханның әулетінің билігі, XIV ғ. ортасына қарай, елдің ішкі және сыртқы саяси-әлеуметтік және экономикалық дағдарысы салдарынан құлдырауға ұшырап, Қытай халқы моңғолдардың үстемдігін жою жолындағы күресін күшейтеді. Сонымен қатар, табиғат апаттарының салдарынан, өзендердің тасуы, Хуанхэнің арнасының өзгеруі, алқаптарды су басуы сияқты жағдайлар егістік жерлердің мөлшерін күрт азайтты, шаруалардың тұрмысын нашарлатты.

XVI ғ. 30-жылдарында шаруалар жаппай қолға қару алып, көтеріліске аттана бастайды. Орталық Қытайға нық бекінген Чжу Юаньчжанның әскер моңғолдардың негізгі күштеріне қарсы алып, 1368 жылы олар, моңғолдардың әулетіне астана болған солтүстіктегі Даду (Бейжинді) қаласын алады. Шыңғыстың мұрагері – «Аспан ұлы» атанған император, өзінің қалған әскерімен және туыстарымен Моңғолияға қашып кетеді. Сөйтіп, моңғолдық Юань әулетінің Қытайдағы билігі құлатылады. Қытайдың императорлық билігін қалпына келтіріп, таза қытайлық Миң әулетінің билігі орнайды. Осыдан кейінгі аз ғана уақыт ішінде бүкіл Қытай жері моңғолдардан тазартылып, 1382 жылы Юньнанді, 1387 жылы Ляодунді Миң империясына қосып алуымен елді біріктіру процесі аяқталады. Миң әулеті билігінің негізін салған Чжу Юаньчжан Тай-цзу деген атпен 1368-1398 жылдары билік құрды. Осылайша, 1368 жылы Қытайдағы моңғол үстемдігі толық жойылды.

XVI ғ. басында Қытайда жалпы экономикалық және мәдени өрлеу байқалды. Миң әулетінің билігі тұсында қалалар өсіп өркендейді, олар халықтың қалың шоғырланған ортасына, мәдениеті мен қолөнерінің ордасына айналады. Осы кезеңдегі Қытай қалаларындағы халық саны европалық қалалардағы халық санынан артық болып келген. XVI ғасырда Бейжиннің тұрғын халқы 1 млн-ға жуықтаса, Нанкинде 1 миллионнан астам халық болған [7].

Миң дәуірінде жібек тоқу, мақта тоқу, бояу жасау өндірісі, қыш жас өндірісі, фарфор мен қағаз жасау, кітап басу ісі барынша дамып өркендеген. Жаңа қолөнер орталықтары ретінде Нанкин, Сучжоу, Ханчжоу қалаларының даңқы артты. Қытайдағы аса ірі фарфор өндірісінің орталығы Цзиньдэжэнь қаласының (Шанши провинциясы) аты шығып, бұл қалада жасалған қытай фарфорының даңқы Шығыс елдерінде ғана емес, Еуропаға кеңінен мәлім болады.

Миң дәуіріндегі Қытайдың осындай елеулі жетістіктерге жеткеніне карамастан, Қытай тарихының бұл заманында бұрынғы әулеттік циклдің даму бағытын айқындайтын әлеуметтік механизмдер әрекет етті. Шамамен XV ғ. екінші жартысынан бастап, өрлеу кезеңі құлдырау кезеңіне қарай ойысты. Дағдарысты тудырған жағдайлар сол бұрынғыдай еді. Ең басты мәселелердің бірі, жаңа егістік жерлердің игерілуінен озып кеткен халық санының өсуі болды. XVI ғ. басынан басталған өкіметке қарсы халық көтерілістерінің өршуі мен император сарайындағы саяси күрестің етек алуы дағдарыстың айқын көрінісі болды.

Миң патшалығының басында хуэй-хуэй ұлтының дамуы Миң патшалығы Юань патшалығын құлатып саяси билікті ханьдар қолға алған феодалдық патшалықтың құрылуы мен орнықты болуы үшін Миң патшалығының басында шетелден келгендерге қызу қарсы алу саясатын ұстанды, бұл көптеп шетелдік саудагерлер, елшілер тағы басқалардың келуіне себепші болды. Көптеген мұсылмандар Миң патшалығының құрылуына зор еңбек сіңірген, бұл да болса Миң патшалығының басында ислам дініне кеңшілік діни саясатын ұстануының себебі.

Миң патшалығының соңында, биліктегі хуэй-хуэйлардың патша сарайындағы мәртебелері күннен күнге құлдырай берді, билеушілер ислам діні мен қарапайым хуэй-хуэйларға қысым жасайды. Жоғары биліктегі моңғолдардың ішінде мұсылман дінін қабылдағандар бар деп ханьдар билік еткен патшалық ислам дініне көзқарастары өзгере бастады. Ұлттық қанау мен таптық қанаудың күшеюі мұсылмандар мен басқа да ұлт өкілдерінің көтеріліске шығуына әкеліп соқты. Көтеріліс барысында әсіресе солтүстік Юаньға қарсы тұру барысында Миң патшалығының билігінде қызмет еткен хуэй-хуэйлардың Миң патшалығының құрылуына еңбектері өте зор. Сондықтан да «он хуэй хуэй қаһарманы (十大回回保国)» деген аңыз болыпта қалған [8]. Мысалы әйгілі әскер басшы Чан Ючун, Ху Дахай, Дин Дышын, Тан Хы, Дын

Үю, Му Ин, Лан Йю, Фын Шын, Фын Гуо т.б. және де бірталай хуэй-хуэй әскери басшылар мемлекет шекарасын қорғауға, тұрақтауға және саяси билікті нығайтуға еңбектері де өте зор болды. Миң патшалығының басында хуэй-хуэй ұлты мен әйгілі хуэй-хуэйлардың зор еңбегінің себебінен және бұл зор еңбекке мұқтаж болған Миң патшалығы кеңшілік діни саясатын ұстанды.

Миң патшалығының орта шенінде ислам діні төмендегідей жағдайда болды: жалпы кең көлемде таралған, мұсылмандар Шыңжаң мен Гансуда салыстырмалы түрде қарағанда шоғырлана орналасқан, басқа жерлерде мешіт төңірегін негіз етіп кішігірім шоғырланған. Бұнымен қоса араб елдерінің теңіздегі сауда-саттық үстемдігі құлдырай бастады, керісінше Португалия сияқты еуропалық мемлекеттер теңізде үстемдіктерін орнатты. Осылайша Қытай мен араб елдерінің теңіз жолы байланыстары үзіліп тасталды, «кұрлықтағы жібек» жолында буддизм тағы Шыңжаңға кірді, бұл ислам дінімен қарсылас діни күштің бірі болды. Миң патшалығы Тұрпандықтардың Ішкі Қытайға (Шыңжаңнан тыс обылыстарды осылай атайды) деген қақтығысын тоқтату мақсатында жабық есік саясатын ұстанды, бұл «кұрлықтағы жібек»

жолының үзілуіне әкелді, осылайша ислам дінінің Қытайда кең көлемді таралуы саябырлады [1, 187 б.].

Ислам діні Таң (618-907 жж), Сұң (960-1279 жж.), Юань (1206-1368 жж.), Миң (1368-1644 жж.) және Циң (1616-1911 жж.) патшалықтары кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген даму ерекшеліктеріне ие болып, Қытай қоғамының этномәдени, саяси, экономикалық және мәдени қатынастарына ықпалы тиген. Қытай дәстүрлі діндері конфуциандық, буддизм, даосизммен қатар қытай өркениетінің дамуына ислам діні де өз әсерін тигізді.

Мұсылмандар Қытай халқының әлеуметтік белсенді топтарының бірі болып табылады. Ислам дінін ұстанушылар мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақ, ғылыми, білім беру және саяси ұйымдар жүйесіне интегралданған. Қытайда бірнеше мұсылмандық діни, қоғамдық-мәдени қауымдастықтар және кеңестер, баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары жұмыстарын атқаруда. Қытай мұсылмандары экономикалық салада ынталарын көрсетуде. Сонымен қатар елде көптеген қытай мұсылмандарының саяси-экономикалық, өндірістік кәсіпорындар, қаржылық ұйымдар бар.

Әдебиеттер

- 1 米寿江, 《中国伊斯兰教简史》, 宗教文化出版社. 2000年10月- 314 б.
- 2 国务院宗教事务局宗教研究中心, 《中国伊斯兰教文化》, 《中华书局出版 1996年11月51 б.
- 3 邱陵, 《丝绸之路宗教文化》, 新疆人民出版社, 2004年- 265 б.
- 4 Алдабек Н.Ә. Орта ғасырлардағы Қытай тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 138 б.
- 5 中国宗教, 来源: 新华网-《对外大传播》 // www.xinhuanet.com.
- 6 余振贵, 《中国历代政权与伊斯兰教》, 宁夏社会科学院1995年4月获《国家有突出贡献的中青年专家》称号 – 232 б.
- 7 Тортаев С.Ә. Орта ғасырдағы шығыс елдерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 201 б.
- 8 回族的宗教信仰, 版权所有, 国家数字文化网, 2007. – 214 б.

References

- 1 Mi shou jiang, «zhong guo yi si lan jiao jian shi zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue. – 314 b
- 2 Guo wu yuan zong jiao shi wu ju zong jiao yan jiu zhongxin, zhong guo yi si lan jiao wen hua, zhong hua shu ju chu ban 1996 nian 11 yue 51b.
- 3 Yin lu, si chou zhi lu zong jiao wen hua xin jiang ren min chu ban she, 2004 nian- 256b.
- 4 Aldabek N.A. Orta gasyrlardagy Kytai tarihy. – Almaty: Kazakh universiteti, 2004. – 138 b.
- 5 zhong guo zong jiao,lai yuan xin hua wang-dui wai da chuan bo // www.xinhuanet.com.
- 6 Yu zhen gui zhong guo li dai zheng quan wei yi si lan jiao ning xia she hui ke xue yuan1995nian 4 yue huo«guo jia you touchu gong xian de qing nian zhuan jia»cheng hao– 232 b.
- 7 Tortaev S.A. Orta gasyrdagy shygys elderining tarihy. – Almaty: Kazakh universiteti, 2002. – 201 b.
- 8 Hui zu de zong jiaoxin yang,ban quan suo you, guo jia shu zi wen huan wang. 2007. – 214 b.